

**Есіл ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдер ұсынудың мерзімін және субсидия берілетін ауыл шаруашылығының басым дақылдарының әрбір түрі бойынша себудің оңтайлы мерзімін анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 мамырдағы № А-5/199 қаулысы. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 маусымда № 1-11-156 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 шілдедегі № А-7/290 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2012.07.10 № А-7/290 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасына сәйкес, « А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 371 ұсынысын негізге ала отырып, Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Есіл ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдер ұсынудың мерзімі және субсидия берілетін ауыл шаруашылығының басым дақылдарының әрбір түрі бойынша себудің оңтайлы мерзімі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының күші 2012 жылдың 10 мамырынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

3.Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылауды өзіме қ а л д ы р а м ы н .

4. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ.Рахметов*

Е с і л  
ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2

а у д а н ы  
ж ы л ғ ы

қаулысына қосымша

**Есіл ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдер ұсынудың мерзімі және субсидия берілетін ауыл шаруашылығының басым дақылдарының әрбір түрі бойынша себудің оңтайлы мерзімі**

№	Субсидияланатын ауыл шаруашылығының басым дақылдарының атауы	Ауыл шаруашылығы дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдері	Субсидия алатындардың тізіміне кіргізу үшін өтінім тапсыру мерзімдері
1	Пісу мерзімі кеш жазғы бидай	12 мамырдан 27 мамырға дейін	28 мамырға дейін
2	Пісу мерзімі орташа жазғы бидай	14 мамырдан 29 мамырға дейін	30 мамырға дейін
3	Ерте пісетін жазғы бидай	18 мамырдан 2 маусымға дейін	3 маусымға дейін
4	Жазғы арпа, сұлы	27 мамырдан 5 маусымға дейін	6 маусымға дейін
5	Қара құмық	25 мамырдан 3 маусымға дейін	4 маусымға дейін
6	Бұршак	18 мамырдан 28 мамырға дейін	29 мамырға дейін
7	Нут	11 мамырдан 20 мамырға дейін	21 мамырға дейін
8	Май-тұқымға арналған күнбағыс	11 мамырдан 20 мамырға дейін	21 мамырға дейін
9	Зығыр	15 мамырдан 27 мамырға дейін	28 мамырға дейін
10	Картоп	11 мамырдан 20 мамырға дейін	21 мамырға дейін
11	Көкөністер	11 мамырдан 15 маусымға дейін	16 маусымға дейін
12	Сүрленген жүгері	20 мамырдан 25 мамырға дейін	26 мамырға дейін
13	Судан шөбі	20 мамырдан 30 мамырға дейін	31 мамырға дейін
14	Азықтық (ағымдағы жылғы көпжылдық дәнді және бұршакты шөптер	11 мамырдан 15 мамырға дейін	16 мамырға дейін